Аймақтың ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін оның өндіргіш күштерінің, экономикасына, ғылымға, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығының күйі мен даму болашағымен байланыста жүйелі талдаусыз оның ғылыми-техникалық және инновациялық дамуының стратегиясы мен тактикасын әзірлеу мүмкін емес.

Ғылыми-техникалық әлеуетті (ҒТӘ) құндық шамалар арқылы сандық тұрғыдан өлшеуге болады [1]. ҒТӘ құндық шамасы үш: ғылымның негізгі қорлары, негізгі айналымдық қаражат және еңбек ақы қоры сияқты құрамдастарды қамтиды. Аймақтық ҒТӘ-ны келесі формула бойынша есептеуге болады:

$ҒТӘ_t = \Phi + Ос + Зп$, (1) мұнда Φ – ғылымның негізгі қорлары, $Ос$ – айналымдық қаражат,

$Зп$ – ғылым және ғылыми қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің еңбек ақысы.

Ғылымның негізгі қорлары (Φ) техникалық құрамдасты (T), сонымен бірге ақпараттық (I) және ұйымдастырушылық құрастарды толығымен қамтиды. Ғылым саласының айналымдық қаражаты ($Ос$) материалды құрамдасты (M), және де ақпараттық (I) және ұйымдастырушылық құрамдастардың бір бөлігін қамтиды. Еңбек

ақы қоры (Зп) кадрлық (К), сонымен бірге ақпараттық (И) және ұйымдастырушылық құрамдастардың бір бөлігін қамтиды.

ҒТӘт бағалауда, қазіргі күйін талдауда және әсіресе оның артуын жоспарлауда бүкіл ғылыми-техникалық іс-әрекетті әрқайсысы ғылыми идеяның пайда болудан жүзеге асқанға дейінгі белгілі бір даму кезендерін көрсететін төмендегі құрамдас бөліктерге бөлуге болатындығын ескеру қажет, яғни: іргелі зерттеулер, қолданбалы і зерттеулер, әзірлемелер, өндірісте игеру [2].

Ғылыми идеяларды өндірісте оңтайлы пайдалану моделіне сәйкес зерттеу – өндіріс (іргелі зерттеулер: қолданбалы зерттеулер: әзірлемелер: өндірісте игеру) түрлі кезендердегі шығындар пропорциясы 1:4:16:250 құрауы тиіс, мұнда бірлік ретінде іргелі зерттеулерге жұмсалған шығындар [3] алынған. Нақты жағдайда кейбір аймақтардағы қатынастар ұсынылған пропорциядан алшақтауы мүмкін, бұл ғылыми іс-әрекетті аймақты жетілдірудегі елеулі резервтердің болуын меңзейді.

Ғылым саласы – ашық жүйе болғандықтан, қандай да болмасын ғылыми ұйымның ҒТӘт, әдетте, меншікті және сыртқы ҒТӘт құралады,

$$ҒТӘм = ҒТӘс + ҒТӘв \quad (1)$$

Осының негізінде қандай да бір зерттелетін жүйенің жиынтық ҒТӘт –сын келесі формуламен анықтауға болады:

$$ҒТӘі = ҒТӘс + \sum_{j=1}^{n-1} a_i НТП_j \quad (2)$$

мұнда ҒТӘі – і-шы зерттелетін жүйенің меншікті әлеуеті; ҒТӘі – j – зерттелетін жүйенің меншікті әлеуеті (сыртқы); j = 1, 2, 3...л; n-1 – зерттелетін жүйенің есебінсіз сыртқы жүйелер саны; a – і-шы зерттелетін жүйенің мақсаттары үшін қолданылатын сыртқы жүйелердің ҒТӘт үлесін көрсететін коэффициент.

Жүйенің меншікті және сыртқы ҒТӘм арасындағы қатынасты білу аса маңызды, оны келесі коэффициент түрінде көрсетуге болады:

$$K_c = \frac{НТП_c}{НТП_b} \quad (3)$$

мұнда ҒТӘс және ҒТӘв – меншікті және сыртқы ғылыми әлеует. Алынған коэффициент зерттелетін жүйенің сыртқы көздерден дербестігін немесе тәуелділігін, меншікті әлеуетпен зерттеулер жүргізудегі сыртқы әлеуеттің үлесін көрсетеді. Қажетті статистикалық ақпараттық болмауынан Ко коэффициентін өлшеу қиынға түседі. Деген

мен осы шамалап бағалауға болады (жүйенің бастапқы бөлімшелерінің әлеуетін бағалау және оларды қосу арқылы).

ҒТӘр әрі қарай дамуы аймақтағы өндіргіш күштердің, оның экономикалық, ресурстық, еңбек әлеуеттерінің қазіргі ахуалын талдау және аймақтағы өндіргіш күштерді дамыту болашағын анықтаумен байланыстырылуы тиіс.

Сондықтан ҒТӘт салалық құрылымын, яғни қолда бар.

Сол үшін салалық құрылымды білу қажет, яғни бар бөлінген ғылыми-техникалық ресурстардың білім, өндіріс салалары бойынша бөлінуін білген абзал. Мұндай ақпаратты ғылыми қызметкерлер мен ғылыми мекемелер санының есебінен алуға болады. Алайда, ғылыми мекемелердің мономамандандырылмағандығынан, яғни көбінде, зерттеулерді білім мен өндірістің әртүрлі салаларындағы мәселелер бойынша жүргізетіндіктен мұны жасау оңайға соқпайды. Бұл көбінде іргелі салалар институттарына, ЖОО-лар, кешенді ҒЗҰ-лар, өнеркәсіптің жеке салаларының бас ҒЗИ-да қатысты. Сондықтан мұндай мекемелердің ҒТӘт толығымен қандай да бір салаға жатқызуға болмайды, одан нақты бір саланың міндеттерін шешуге жұмсалатын ресурстың белгілі бір бөлігін ажыратып көрсету қажет. Нақты айтсақ,

$$\text{НТП}_p = \sum_{i=1}^n C \text{НТП}_{oi} \quad (4)$$

мұнда ҒТӘо_i – ғылыми мекемелер әлеуеті,

$i = 1 \dots n$ – сала саны, C – ғылыми мекеме ресурсының саланы дамыту үшін пайдаланатын үлесін көрсететін коэффициент.

Нақты жүйедегі (түрлі рангтегі салалық немесе аймақты) ғылым саласының даму деңгейін бағалау және келешектегі сұраныстарды анықтау үшін пайдаланатын ғылым мен өндірістің өзара байланысын көрсететін көрсеткіштер жүйесінде ҒТӘт шамасына тәуелді келетін ғылым сыйымдылығының көрсеткіші ерекше мәнге ие болып отыр.

Басқарудың иерархиялық деңгейіне байланысты халық шарушылығының, саланың, аймақтың, бірлестіктің, кәсіпорынның, өнім түрінің ғылыми сыйымдылығын ажыратады. Ол түрлі әдістермен бағаланады. Мемлекет, аймақ шаруашылығы үшін даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіш ретінде жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) қабылдаған.

Сонда

$$\text{He} = \text{ҒТӘт} / \text{ВВП}. \quad (5)$$

АҚШ-та жарық көрген әдебиеттерде өнім ғылыми сыйымдылығының бағалаудың басқа әдістерін пайдаланады. Атап айтсақ: ҒЗБКЖ-ға жұмсалған шығындардың саланың сату көлеміне қатысы

бойынша; саладағы жалпы адам санындағы ҒЗБКЖ-ға тартылған ғылыми қызметкерлер мен инженерлердің меншікті салмағы бойынша [2].

Оған қоса, ғылыми сыйымдылығы ҒЗБКЖ-ға жұмсалған шығындар көлемінің өнім (өнім бірлігі немесе жалпы) құнына қатысы ретінде өрнектелуі мүмкін. Әдістердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Ғылыми сыйымдылықты ғылым мен ғылыми қызмет көрсету саласында еңбек ететін адам санының қарастырылатын жүйедегі жалпы адам санына қатысы ретінде анықтау әдісі кең таралған, яғни келесі формуламен анықталады [4]:

$$H_e = \frac{N_n}{N_o} \quad (6)$$

мұнда N_n – ғылымдағы адам саны,

N_o – жалпы адам саны.

Ғылыми сыйымдылықты ғылыммен айналысатын адамдардың еңбек ақы қорының қарастырылатын экономикалық жүйедегі еңбекақы қорына қатысы ретінде анықтау жоғарыда аталған әдістің кадрлардың біліктілік құрамын есепке алатын бір түрі деп санауға болады.

Аймақтық жүйенің (аймақ, экономикалық аудан, облыс, қала) ғылыми сыйымдылығы жүйедегі (ҒТӨТ) ғылыми-техникалық әлеуеттің жүйеде өндірілетін таза өнімге, ЖІӨ (ВВП, Чп), шамасына қатысы ретінде анықтала алады, формула:

$$H_{em} = \frac{HTП}{ВВП(Чп)} \quad (7)$$

Шығындарға тек материалды өндіріс саласындағы ғылым шығындары ғана емес, сонымен бірге іргелі зерттеулерге, өнідірістік емес (денсаулық, ағарту және т.б.) саладағы ғылымды дамытуға салынатын барлық шығындар есепке алынады.

Сонымен, жүйенің ғылыми сыйымдылығы жүйе аймақта орналасқан материалдық өндіріс салаларының ғылыми сыйымдылығының орташа салмақты сомасынан анағұрлым артық, яғни:

$$H_{em} = a \sum_{i=1}^n b_i H_{ei} \quad (8)$$

мұнда H_{em} – аймақты жүйенің ғылыми сыйымдылығы; H_{ei} – саладағы ұйымның ғылыми сыйымдылығы; $i = 1 \dots n$ – ұйымдар саны, a – іргелі зерттеулердің үлесі мен өнідірістік емес салалардың ғылыми сыйымдылығын көрсететін коэффициент, b_i – барлық салалар.

1-кесте. Инновациялық әлеуетті бағалау көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Жиынтығы |
|---|--|
| 1. Ғылыми әлеует – Пн | <ul style="list-style-type: none"> – экономикамен айналысатын қызметкерлердің жалпы құрамындағы зерттеу және жобалармен айналысатын қызметкерлер үлесі; – экономикамен айналысатын қызметкерлердің жалпы құрамындағы ғылыми қызметкерлер үлесі (доктор, ғылым кандидаттары, докторанттар, аспиранттар). |
| 2. Кадрлық әлеует – Пк | <ul style="list-style-type: none"> - экономикадағы жоғары білімді мамандар үлесі; – экономикадағы студенттер санының жалпы ЖОО студенттер санына қатынасы. |
| 3. Техника-технологиялық әлеует – Птт | <ul style="list-style-type: none"> – негізгі қорлардың жарамдылық коэффициенті; – негізгі қорлардың жаңарту коэффициенті. |
| 4. Экономикалық әлеует – Пэ | <ul style="list-style-type: none"> – негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемінің жалпы аймақтық өнімге қатысы; – зерттеу мен ізденістерге жұмсалатын ішкі шығындардың жалпы аймақтық өнімге қатысы. |
| 5. Ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті – Пикт | <ul style="list-style-type: none"> – Internet-ке қосылғандардың жалпы саны арасында Internet-ті пайдаланатын ұйымдар саны; – ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жұмсалған шығындардың жалпы аймақтық өнімге қатысы; – 100 қызметкерге шаққандағы компьютерлер саны; – жалпы тұрғындар санындағы ұялы байланыс абоненттері үлесі. |
| Ескерту – Автор құрастырған | |

Ғылыми сыйымдылықтың салалық көрсеткіштерін пайдаланып, және аймақтағы өндірістің даму көрсеткішін біле отырып, аймақтың ғылыми-техникалық әлеуетінің салалық құрылымын оның халық шаруашылығы құрылымымен салыстыруға, қажетті ғылыми сыйымдылығы мен территориялды жүйенің ғылымына қажетті шығындарды бағалауға болады.

Ғылыми сыйымдылық көрсеткіші ғылымға жұмсалған шығынның өндірілген табыспен, жүйенің таза табысымен байланысын көрсете отырып, белгілі бір дәрежеде ғылыми-техникалық іс-әрекеттің, жүйенің ғылыми-техникалық әлеуетін пайдаланудың тиімділігін бағалауға қызмет ете алады.

Көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі [3] Қазақстан мен оның аймақтарының инновациялық дамуының әлеуетті сипаттары ізделінді нәтижеден артық екендігін көрсетеді, демек қолдағы инновациялық әлеует толық пайданылмайды.

Осы айтылғандар негізінде, инновациялық әлеуетті бағалау тәжірибесі мен қолданыстағы статистикалық есепті басшылыққа ала отырып, әлеует шамасын бағалауға, қалыптасқан ахуалды талдауға, негізгі тенденцияларды анықтауға және оны дамытудың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін әдістеме жасалды.

Инновациялық әлеуетті 1-кестесінде келтірілген көрсеткіштер бойынша бағалаған тиімді.

1-кестесінің көрсеткіштеріне сәйкес аймақтың инновациялық әлеуетін құрайтын жеке әлеуеттердің сандық мәнін сәйкес көрсеткіштер мәнінің сомасы ретінде есептейміз.

2-кесте. Қазақстан аймақтарының инновациялық әлеуеттері көрсеткіштерін есептеу

| № | Аймақтар | Жылдар бойынша мәні | | | | |
|---|---|---------------------|---------|---------|---------|---------|
| | | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. | 2010 ж. | 2011 ж. |
| 1 | Ақмола облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,002 | 0,0014 | 0,0016 | 0,0017 | 0,0019 |
| | кадрлық әлеует | 0,0487 | 0,048 | 0,0472 | 0,0478 | 0,0492 |
| | техникалық әлеует | 0,716 | 0,729 | 0,713 | 0,721 | 0,817 |
| | экономикалық әлеует | 0,1066 | 0,2188 | 0,1733 | 0,2536 | 0,3116 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 8,231 | 9,019 | 12,326 | 12,68 | 11,921 |
| 2 | Ақтөбе облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0026 | 0,0031 | 0,0032 | 0,0038 | 0,0037 |
| | кадрлық әлеует | 0,0992 | 0,0999 | 0,1009 | 0,1011 | 0,1012 |
| | техникалық әлеует | 0,934 | 0,848 | 0,824 | 0,758 | 0,762 |

| | | | | | | |
|----------|---|--------|--------|--------|--------|--------|
| | экономикалық әлеует | 0,4284 | 0,3467 | 0,3561 | 0,3316 | 0,3307 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 8,776 | 9,341 | 9,664 | 11,901 | 12,013 |
| 3 | Алматы облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0008 | 0,0009 | 0,001 | 0,0009 | 0,0009 |
| | кадрлық әлеует | 0,0853 | 0,0843 | 0,0864 | 0,0886 | 0,0903 |
| | техникалық әлеует | 0,773 | 0,683 | 0,71 | 0,707 | 0,852 |
| | экономикалық әлеует | 0,211 | 0,1951 | 0,2435 | 0,2041 | 0,3614 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 10,109 | 12,431 | 12,7 | 12,642 | 13,105 |
| 4 | Атырау облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0021 | 0,0024 | 0,0025 | 0,0025 | 0,0026 |
| | кадрлық әлеует | 0,0872 | 0,0892 | 0,0886 | 0,0911 | 0,0914 |
| | техникалық әлеует | 0,764 | 0,645 | 0,575 | 0,671 | 0,769 |
| | экономикалық әлеует | 0,5673 | 0,5949 | 0,665 | 0,6194 | 0,4677 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 9,332 | 9,568 | 11,845 | 14,769 | 15,287 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0023 | 0,0033 | 0,0034 | 0,0037 | 0,0036 |
| | кадрлық әлеует | 0,1127 | 0,1154 | 0,1146 | 0,1189 | 0,1211 |
| | техникалық әлеует | 0,7 | 0,692 | 0,688 | 0,661 | 0,707 |
| | экономикалық әлеует | 0,1271 | 0,1211 | 0,1336 | 0,158 | 0,1925 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 9,776 | 11,328 | 13,654 | 15,303 | 16,221 |
| 6 | Жамбыл облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0008 | 0,0008 | 0,0009 | 0,0011 | 0,0011 |
| | кадрлық әлеует | 0,1461 | 0,1487 | 0,1452 | 0,1413 | 0,1499 |
| | техникалық әлеует | 0,727 | 0,668 | 0,668 | 0,622 | 0,621 |
| | экономикалық әлеует | 0,1476 | 0,1473 | 0,1329 | 0,1123 | 0,325 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 9,562 | 11,535 | 12,68 | 13,912 | 14,566 |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0009 | 0,0011 | 0,0012 | 0,0009 | 0,001 |
| | кадрлық әлеует | 0,0808 | 0,0844 | 0,0876 | 0,0901 | 0,097 |
| | техникалық әлеует | 0,689 | 0,695 | 0,934 | 0,715 | 0,699 |
| | экономикалық әлеует | 0,2701 | 0,2492 | 0,2081 | 0,3015 | 0,7156 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 12,834 | 14,226 | 15,678 | 15,985 | 16,867 |
| 8 | Қарағанды облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,002 | 0,0019 | 0,002 | 0,0024 | 0,0025 |
| | кадрлық әлеует | 0,1208 | 0,1276 | 0,1258 | 0,1301 | 0,1288 |
| | техникалық әлеует | 0,695 | 0,715 | 0,667 | 0,656 | 0,71 |
| | экономикалық әлеует | 0,2089 | 0,2482 | 0,1454 | 0,1327 | 0,1435 |

| | | | | | | |
|--|---|--------|--------|--------|--------|--------|
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 12,108 | 14,229 | 16,336 | 17,528 | 17,652 |
| 9 | Қостанай облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0004 | 0,0004 | 0,0004 | 0,0005 | 0,0005 |
| | кадрлық әлеует | 0,0962 | 0,101 | 0,1011 | 0,1034 | 0,1035 |
| | техникалық әлеует | 0,625 | 0,642 | 0,653 | 0,908 | 0,975 |
| | экономикалық әлеует | 0,1721 | 0,1917 | 0,1647 | 0,172 | 0,151 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 11,313 | 13,766 | 15,443 | 17,809 | 17,881 |
| 10 | Қызылорда облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0001 | 0,0002 | 0,0002 | 0,0003 | 0,0003 |
| | кадрлық әлеует | 0,15 | 0,1452 | 0,1381 | 0,1501 | 0,1467 |
| | техникалық әлеует | 0,918 | 0,88 | 0,854 | 0,654 | 0,713 |
| | экономикалық әлеует | 0,2626 | 0,2794 | 0,1826 | 0,206 | 0,2122 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 9,865 | 12,345 | 14,642 | 15,771 | 16,342 |
| 11 | Маңғыстау облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0049 | 0,0034 | 0,0056 | 0,0107 | 0,0108 |
| | кадрлық әлеует | 0,1363 | 0,138 | 0,1425 | 0,1412 | 0,1388 |
| | техникалық әлеует | 0,87 | 0,867 | 0,849 | 0,916 | 0,933 |
| | экономикалық әлеует | 0,3646 | 0,3557 | 0,3867 | 0,3323 | 0,5382 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 13,237 | 13,562 | 16,468 | 17,551 | 18,312 |
| 12 | Павлодар облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0009 | 0,0004 | 0,0006 | 0,0012 | 0,0014 |
| | кадрлық әлеует | 0,0676 | 0,0712 | 0,0754 | 0,0802 | 0,0816 |
| | техникалық әлеует | 0,637 | 0,618 | 0,621 | 0,663 | 0,774 |
| | экономикалық әлеует | 0,1345 | 0,1832 | 0,2596 | 0,2195 | 0,1328 |
| | ақпараттық-компьютерлік технологиялар әлеуеті | 9,765 | 12,332 | 13,687 | 15,298 | 16,304 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0017 | 0,0018 | 0,002 | 0,0005 | 0,0006 |
| | кадрлық әлеует | 0,0946 | 0,1011 | 0,0973 | 0,1051 | 0,1032 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысы | | | | | |
| | ғылыми әлеует | 0,0019 | 0,0021 | 0,0022 | 0,0023 | 0,0022 |
| | кадрлық әлеует | 0,113 | 0,1114 | 0,1016 | 0,1123 | 0,1211 |
| | техникалық әлеует | 0,771 | 0,797 | 0,822 | 0,777 | 0,66 |
| | экономикалық әлеует | 0,1613 | 0,2016 | 0,1996 | 0,2078 | 0,2267 |
| Ескерту – Статистика агенттігі мен аймақтық статистика департаменттерінің ресми статистикалық материалдарын пайдалану арқылы автор құрастырған | | | | | | |

Экономикалық әлеуетті (2 кесте) есептеулерде ЖІӨ ішкі шығындар үлесі пайыздық үлесті құрағандықтан, ал аймаққа шаққандағы мәні пайыздың мыңнан бір бөлігін құрайтындықтан есепті мәні аса төмен зерттеулер мен жобаларға жұмсалған ішкі шығындардың жалпы аймақтық өнімге қатысы есептеулерде есепке алынған жоқ.

Тұрғындардың жалпы санындағы ұялы байланыс абоненттерінің үлесі 1 деп алынды, өйткені ұялы байланыс операторларының ресми мәліметтеріне сай 2011 жылы Қазақстандағы ұялы байланыс тұтынушылар саны 15,7 млн. адамды құраған.

Әрі қарай, әр аймақтың инновациялық әлеуетінің интегралды көрсеткішін келесі формуламен есептейміз:

$$Pi = \sqrt[5]{Pn \cdot Pk \cdot Ptm \cdot Pe \cdot Pikt} \quad (9)$$

Есептеулердің нәтижесін 3 кестесінде келтіреміз.

3-кесте. 2007-2012 жж. Инновациялық әлеуеттің интегралды көрсеткішінің мәні

| Облыс | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. | 2010 ж. | 2012 ж. |
|-----------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Ақмола | 0,14 | 0,16 | 0,16 | 0,18 | 0,20 |
| Ақтөбе | 0,17 | 0,24 | 0,25 | 0,26 | 0,26 |
| Алматы | 0,16 | 0,17 | 0,18 | 0,17 | 0,20 |
| Атырау облысы | 0,24 | 0,24 | 0,25 | 0,27 | 0,26 |
| Шығыс-Қазақстан | 0,19 | 0,20 | 0,22 | 0,23 | 0,25 |
| Жамбыл | 0,16 | 0,17 | 0,17 | 0,17 | 0,22 |
| Батыс -Қазақстан | 0,18 | 0,19 | 0,20 | 0,19 | 0,24 |
| Қарағанды | 0,21 | 0,23 | 0,21 | 0,22 | 0,23 |
| Қостанай | 0,14 | 0,15 | 0,15 | 0,17 | 0,17 |
| Қызылорда | 0,13 | 0,15 | 0,14 | 0,16 | 0,16 |
| Манғыстау | 0,31 | 0,29 | 0,34 | 0,38 | 0,42 |
| Павлодар | 0,14 | 0,13 | 0,16 | 0,18 | 0,18 |
| Солтүстік-Қазақстан | 0,17 | 0,20 | 0,20 | 0,14 | 0,14 |
| Оңтүстік-Қазақстан | 0,19 | 0,22 | 0,22 | 0,23 | 0,23 |
| Ескерту – Автор құрастырған | | | | | |

Әр аймақ бойынша орташа салмақты нәтижені есептейміз және диаграмма құрамыз.

Диаграммадан аңғаратынымыздай Қазақстанның әр аймақтары-

ның инновациялық даму мүмкіндіктері әр түрлі. Стратегиялық экспортты-шикізаттық даму бағытына ие аймақтардың аграрлық бағыттағы немесе көне өнеркәсіптері бар аймақтармен салыстырғандағы мүмкіндіктері әлде қайда жоғары.

Қазақстанның оңтүстігінде жетекші орынға Оңтүстік Қазақстан облысы ие (облыс сонымен бірге мемлекеттің ең үздік облыстары бестігінің құрамында), демек инвестициялық-инновациялық қызметтің аймақ ішіндегі дамуына да, оңтүстіктегі аймақ аралық ынтымақтастық үшін де әлеуетті мүмкіндіктер жетерлік.

Зерттеудің осы кезеңінде инновациялық белсенділік деңгейін анықтаған дұрыс. Оның көрсеткіштеріне жататындар:

- өндірілген тауар (жұмыс, қызмет) жалпы көлеміндегі инновациялық тауарлар үлесі;
- жасалған озық өндірістік технологиялар санының экономикадағыларға қатысты саны;
- берілген патенттер мен куәліктер санының экономикадағыларға қатысты саны;
- жалпы ұйымдар көлеміндегі технологиялық инновация жасаушы ұйымдар саны.

Қазақстан аймақтарындағы инновациялық белсенділік бойынша мәліметтер келтірілген 3 кестесі пайдаланып, әр аймақтың 5 жылдағы орташа салмақты көрсеткішін есептейік.

Алынған мәліметтер 3 кестесінде берілген. Бар инновациялық әлеует пен инновациялық белсенділік күйін салыстырмалы ғылыми талдау келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1) экономикалық ахуалы депрессивті күйдегі аймақтардың инновациялық түрлендірулерге дайындық деңгейінің жоғарылығы туралы болжам расталды;

2) аса жоғары инновациялық әлеуетке ие аймақтардағы инновациялық белсенділігі инновациялық әлеуеті төмен аймақтармен салыстырғанда анағұрлым төмен.

Осымен байланысты оңтүстікте өзінің инновациялық белсенділігі бойынша жалпы оңтүстікте ғана емес, жалпы елдегі белсенділігімен ерекшеленген Жамбыл облысын атауға болады.

Инновациялық әлеует пен инновациялық белсенділік мәндерінің айырмашылығы инновациялық дамудың резервін құрайды.

Осыған байланысты әр аймақ үшін инновациялық резервтің мәні аймақтағы макроорта мен инфрақұрылымның инновациялық өзгеруіне шұғыл жауап беруге мүмкіндік беретін оңтайлы шамаға ие болуы тиіс. Инновациялық резервтің жоғары болуы инновациялық әлеуеттің тиімсіз пайдаланылғандығын растайды. Ал инновациялық резервтің төмендігі

инновациялық ортаның пайда болуынан аймақта туындауы мүмкін қиындықтарға меңзейді.

Инновациялық әлеуетің орташа мәнін инновациялық резервтің индикативті шамасы ретінде алуға болады. Белгіленген шамаға жеткен сайын жаңа мәндер анықтау қажет. Мұнда инновациялық әлеуетті барлық құрамды көрсеткіштер бойынша қайта бағалауды жүйелі өткізу қажет.

Әсіресе техника-технологиялық әлеует сияқты көрсеткіш маңызды, себебі жаңа техника пайдалану мен технологиялық әзірлемелерді іске асыру нәтижелерін талдау және аудиттен өткізу ғылым мен техниканың дамуы мен қызмет етуінде маңызды рөл атқарады, сонымен бірге экономиканың нақты секторын құрылымдық жаңартудың қазіргі кезеңіндегі ғылыми-техникалық ілгерілеудің тиімділігін де көрсетеді.

Экономикадағы инвестициялық-инновациялық өзгерістердің нәтижесін арттыру резервтері көбінде осы үрдіс мемлекет тарапынан жалпы басқарылуымен және ғылым мен техниканың дамуымен жекелей байланысты. Экономикалық теорияда «ғылым мен техниканың дамуын басқару» ұғымына бірнеше анықтамалар беріледі [4].

Осы айтылғандар «инвестициялар – инновациялар – адам – өндіріс – нарық» сияқты кешенді жүйеге қатысты басқарудың мазмұнын инновациялық жобалауды корпоративті басқарудың, оңтайлы ұйымдастырушылық, ресурстық, техникалық және әлеуметтік-экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету үшін ғылыми-техникалық өнімді (жұмыс, қызмет) трансферлеу мен коомерциализациялау мақсатындағы дайындау мен пайдаланудың өзара байланысты әдістерін жүзеге асыру тетігі ретінде қарастыруға болады. Осымен байланысты инвестициялық-инновациялық мақсаттарды іске асыру үшін резервтерді қарқындатудың бірқатар бағыттарын қарастырайық:

- нарықтық экономиканы, бәсеке мен тауар-ақша қатынастарын дамыту;

- жалпы аймақтық өнім құрылымындағы жинақ үлесін арттыру;

- инвестициялық іс-әрекетті мемлекеттік ынталандыру мен реттеуді күшейту;

- кәсіпорындардың экономикалық тәуелсіздігі мен жауапкершілігін арттыру;

- кәсіпорын мен инвестициялық үрдісті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын модернизациялау.

Өндіріске озық технологияларды енгізуді келесі шаралар қамтамасыз етеді:

- конструкторлық шешімдердің икемділігі мен ұтқырлығы

негізінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске шапшаң енгізуге мүмкіндік беретін капитал сыйымдылығы аз технологиялар жасау;

– технологиялық шешім оңтайлығын негіздеудің критерийін жасау;

– өндіріске жаңа технологияны енгізудің нәтижелерін сипаттайтын факторларды есептеу және сандық анықтау әдістерін пайдалану: еңбек өнімділігі, қуаттар енгізу, инвестициялар сомасы мен капитал салымдарының көлемдері, өтелу мерзімдері, көне жабдықтарды ауыстыру қажеттігі, ғылыми зерттеулерді жалғастыру болашағы, білікті мамандарды қамту, әлеуметтік мәселелер және т.б.

Технологиялардың озық болуының экономикалық мәні келесіде, яғни оны енгізу шикізат, материалдар, электрқуаты, жанды еңбекті үнемдеуге мүмкіндік береді; өнім шығарудағы еңбек сыйымдылығы азаяды, қолмен атқарылатын еңбек саны, қосалқы уақыт азаяды және қоғамлық еңбектің экономикалық тиімділігі артады.

Бөлімде өткізілген зерттеу нәтижесінде келесі қорытынды жасай аламыз. Инвестициялық-инновациялық үрдістердің нәтижесін арттыру резервтері болатын факторлар:

– ішкі қаражаттарды іздеу есебімен инвестициялық шешімдерді іске асыру негізінде экономиканың нақты секторын инновациялық жаңарту;

– бәсекеге қабілеттіліктің төмен болу себептерін жою;

– экономикаға инвестициялар тартуға кедергі болатын факторларды жою;

– адам капиталының, әсіресе қоғамның интеллектуалды әлеуетінің «моралды және физикалық тозуын» жою, соның ішінде кадрларды қайта даярлау, өзгерту мен салауатты өмір салтын сақтау арқылы да.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сулейменов Е.З., Кульевская Ю.Г., Кулумбетова С.К., Жаркова Г.Ф. Состояние и тенденции развития научно-технического потенциала в Республике Казахстан (по материалам государственной регистрации НИОКР и защищенных диссертаций 2007 г.). // Алматы.: НЦНТИ. – 2008. – С. 71

2. Сулейменов Е.З., Васильева Н.В., Галанц Э.А. Динамика научно-технического потенциала Республики Казахстан за 2000–2007 гг. // Алматы.: НЦНТИ. – 2008. – С. 48

3. Кульевская Ю.Г. Состояние исследований в Казахстане по приоритетам научно-технологического развития. // Алматы.: НЦНТИ. – 2008. – С. 110

4. Таубаев А.А., Сералиев Х.С. Анализ и оценка инновационного потенциала региона.// Караганда: Карагандинский филиал АО «НЦНТИ». – 2008. – С. 41

К.Б. Дауылбаев, д.э.н.
г. Алматы

НАУЧНОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИНВЕСТИЦИОННО-ИННОВАЦИОННОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ

АННОТАЦИЯ

Сущность региональной инвестиционно-инновационной политики следует определить как целенаправленную, научно обоснованную деятельность региональных органов власти и управления по привлечению и эффективному использованию инвестиционных ресурсов для решения проблем социально-экономического развития региона, улучшения качества жизни населения на основе достижений научно-технического прогресса.

Ключевые слова: целенаправленность и последовательность; социальная направленность; гласность

K.B. Dauilbayev,
Doctor of Economic Sciences
Almaty

SCIENTIFIC DEVELOPMENT OF REGIONAL INVESTMENT INNOVATIONAL EFFECTIVENESS

SUMMARY

The nature of regional investment innovational policy should be determined as purposeful scientifically approved activity of regional authorities on attraction and effective use of investment resources in order to solve problems of social and economic regional development, to improve the quality of life of population based on the achievements of scientific technical progress.

Keywords: purposefulness and consistency, social orientation, publicity

Жазылбек Л.И.,
доцент Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ВАЛЮТА-ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ

Түйін

Мақалада ҚР сыртқы саяси, қаржылық, экономикалық тұрақтылығының негізі болып халықаралық валюталық қатынастарын реттеу мәселесінің маңыздылығы айқындалған. Қазақстандағы валюталық реттеу мен бақылаудың міндеттері мен бағыттарына айрықша назар аударылған.

Түйін сөздер: валюталық саясат, валюта бағамы, валюталық бақылау, ақша-несие саясаты, экономикалық өсу

Жаһандану заманында әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез-келген мемлекет сыртқы саяси, қаржылық, экономикалық тұрақтылықты қалыптастырып, халықтың әлеуметтік деңгейінің жаңғыруына қол жеткізуде халықаралық валюталық қатынастарды реттеу негізгі мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылып, сыртқы және ішкі саясаттың негізгі бағыттары ретінде ақша-несие саясаты, қаржы нарығы және ұлттық валютаның айырбас бағамының тұрақтылығының орнауы экономикалық серпінді дамудың негізгі бағыттардың бірі ретінде көрсеткен [1]. Сондықтан да, валюта-қаржы жүйесінің дамуы және олардың реттелуі, мемлекеттің ұтымды саясат ұстануды зерттеу қазіргі таңда маңызды.

Қазақстан экономикасын әлемдік экономикамен байланыстыратын негізгі буын – валюта саясаты мен ұлттық ақша бірлігінің валюталық бағамындағы өзгерісі. Қазақстан Республикасы халықаралық сауда саласында және ел ішіндегі макроэкономикалық жағдайға бейімделумен халықаралық экономикалық айырбас барысында өзгерістер мәселелеріне жиі кезігеді. Қазақстандағы нарықтық реформалардың ерекшелігі болып валюталық саясат мәселесі, негізінен валюталық қатынастарға

тәуелділік, яғни ұлттық валюта бағамын қалыптастыру және оның әлемдік валюталық нарықта тұрақты қызмет атқаруы басты мәселе.

Бүгінгі күні Қазақстанда валюталық реттеудің мәні тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің саясатының ықпалды болып табылады. Тиісінше, валюталық реттеудің міндеттері мыналар болып табылады: елде валюталық құндылықтар айналысы тәртібін белгілеу, елде дүниежүзілік экономикаға одан әрі шоғырландыру үшін жағдайлар жасау және валюталық операциялар және капитал ағындары бойынша ақпараттық базаны қамтамасыз ету.

Валюта бағамын реттеу экономиканың даму деңгейіне тікелей әсер етеді. Валюталық реттеу дисконттық, девиздік, валюталық қор диверсификациясы, валютаның айналымдылығын реттеу, девальвация, ревальвация, валюта бағамын реттеу саясаттары арқылы іске асырылады. Валюталық шектеу және валютаның айналым қабілеттілігінің дәрежесін қадағалау валюталық реттеудің әкімшілік әдісі болып табылады. Сонымен қатар, экономиканың жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі – валюта бағамы, валюта саясаты. Валютаның айырбас бағамы саясаты – валюталарды сатып алу қабілетін қамтамасыз ету және ішкі валюта нарығында валюталық алып – сатушылық (саудагерлік) операциялардың белсенді дамуына жол бермеу шаларын ескере отырып құралады. Бұл саясаттың мақсаты – барлық басқа қаржылық нарықтардың дұрыс қызмет етуі мен теңгені нығайтуға жағдай жасау [2].

Нарықтағы шет елдермен қарым-қатынасты жақсарту, одан әрі дамыту барысында валюта бағамы, оның тұрақтылығы, айналысқа түсу қабілеті көптеген мәселерді шешіп, біразын жеңілдетеді. Сол себептен валюта бағамын реттеу елдің халықаралық саудада алатын орнын, даму қарқынын айғақтайтын бірден-бір шама болып табылады.

Мемлекет валюталық реттеу, яғни валюта бағамын реттеуі арқылы өзге мемлекеттермен импорттық және экспорттық операцияларын реттеуге мүмкіндік алады. Егер Қазақстан өзінің экспорт көлемін жоғарлатқысы келсе, онда валюта бағамын басқа елдерден салыстырмалы түрде төмендетуге тырысады. Сонда еліміз валютасы басқа елдерге қарағанда арзан болады, сәйкесінше, мемлекет валютасындағы өнім бағасы да төмен. Ал бұл Қазақстанның экспорттық өнімдерінің бағасын түсіреді, яғни экспорт көлемі көтеріледі. Импорттық операцияларды реттеу де осы механизммен жүреді.

ҚР валюта нарығының мемлекеттік реттеуі «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57 Заңына сәйкес жүргізіледі. Занда

Қазақстан Республикасында валюталық реттеудің негізгі органы ҚРҰлттық Банкі болып табылады. Ал, валюталық бақылау органы болып Ұлттық банк және Қазақстан Республикасы Үкіметі саналады. Бақылау агенттері болып заң бойынша валюталық бақылау қызметін жүргізетін ұйымдар, атап айтқанда, валюталық операциялар жүргізілетін өкілетті банктер есептеледі.

Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасында жүргізетін валюталық операцияларына осы операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, лицензиялардың шарттарына, тіркеу және хабарлама талаптарына сәйкес келуі бөлігінде бақылауды жүзеге асыруға міндетті [3].

Бағамдық саясатты жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты түрде өзгеріп тұратын әлемдік конъюнктура жағдайларында отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етуі мүмкін ұлттық валюта нақты бағамының айтарлықтай ауытқуларына жол бермейді. Экономикалық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамының икемділігін арттыру мақсатында өзінің валюта нарығына қатысуын одан әрі төмендетуге ұмтылатын болады. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесінің де Қазақстан Республикасы ақша-несие саясатының негізгі міндеттеріне кіруіне орай, Ұлттық Банк осы бағытта барлық қажетті шараларды қолданатын болады. Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк осы нарықтың бүкіл сегменттеріне мониторинг және ағымдағы жай-күйін бағалауды жүргізеді. Қандай да болмасын шараларды қолдану жедел жүзеге асырылады.

Валюталық бақылау негізінен мына бағытта жүргізіледі:

- жүргізілетін валюталық операциялардың заңға сәйкестігін анықтау және оған қажетті лицензиялар мен рұқсаттың болуы;
- резиденттердің мемлекет алдындағы шетел валютасы мен міндеттемелерін орындауын тексеру; сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында шетел валютасын сату міндеттемелерінің орындалуын тексеру;
- шетел валютасымен жүргізілген төлемдердің дәлелдігі, валюта операциялар бойынша есеп пен есептесудің толықтығы және объективтілігі тексеріліп, сонымен бірге резиденттер еместердің теңгемен жүргізілген операциялары бойынша бақылау жүргізіледі.

Сөйтіп, валюта қатынастары халықаралық экономикалық, саяси және мәдени қатынастарға қызмет етіп, ол мемлекеттің төлем балансында көрініс табады.

Теңге бағамының ауытқуына бірнеше факторлар әсер етеді. Елдің экспорттық операциялары ұлттық валюта бағамына ықпал ететін басты факторлардың бірі болып саналады. Қазіргі сәтте сауда балансында үлкен профицит байқалуда. Қазақстан ақша түрінде импорттағанға қарағанда көбірек экспорттайды. Сондықтан экспорттық түсім теңгенің бағамына ықпал ететін қозғаушы күштердің б ірі болып табылады. Еліміздің экспорт негізін қуат көздері: мұнай, газ, газ конденсаты, металдар құрайды. Осылардың бағалары валюта нарығында баға белгілейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Сонымен бірге, ұлттық валюта бағамына әсер ететін келесі нәрсе – бұл үкімет жоспарлаған бағам. Қазіргі сәтте, ұлттық валюта бағамы құнсыздануға ықпал етуші құралдардың бірі болып саналады. Үкіметте екі қарама-қарсы міндет бар. Біріншісі – инфляция деңгейін бақылау, оның жүзеге асыратын бірден-бір құрал – теңге бағамының өспеуі болып табылады. Екіншісі – отандық өндіруші лерді қолдау. Себебі, теңге бағамының өсуінен негізінен отандық өндірушілер зардап шегеді. Теңгенің өсуі отандық тауарлардың өзіндік құнының жоғары болуына әсер етеді. Ал бұл өз кезегінде тауарлардың бәсекеге қабілетсіздігіне әкеліп соғады. Сондай-ақ, елеулі факторлардың бірі – экономиканың жоғары долларлануына байланысты банктер мен қаржы институттарының сырттан доллармен қарыз алуы. Бұл қаражаттар көлемі теңгеге айырбасталады. Яғни экономикада бос доллар саны ұлғаяды. Нәтижесінде доллар ұсынысы көбейеді де, доллар құны азаяды.

Ұлттық банк тіркелген валюта бағамын орната отырып, алдын ала белгіленген бағам бойынша ұлттық валютаны сатуды немесе сатып алады өзіне міндеттейді. Бұл жағдайда ішкі тепе-теңдікті қалыптастыруға бағытталған макроэкономикалық саясат шаралары әдетте, төлем балансының оң немесе теріс сальдосының туындауына алып келеді. Төлем балансының теріс сальдосы кезінде ҰБ ұлттық валютаның құнсыздануын болдырмау үшін, валюта нарығында шетел валютасын сатады және ұлттық валютаны сатып ала бастайды, яғни валюталық интервенциялар жүргізеді. Бұл валюта резервтерінің және ақша базасы көлемінің қысқаруына алып келеді. Бұл жағдайда ынталандырушы бюджет-салық саясатының салдарлары қарастырылады (мысалы, мемлекеттік шығындарды арттыру немесе салықтарды төмендету). Нәтижесінде табыс өседі және бір уақытта пайыз мөлшерлемесі де артады. Табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырады, ал пайыздың жоғары болуы ел ішіне шетел капиталының ағылуын ынталандырады, ол болса жалпы алғанда төлем балансының оң сальдосын қалыптастырады.

Құбылмалы (қалқымалы) валюта бағамы кезінде ҰБ валюта нарығына араласпай-ақ, ұлттық валютаның айырбас бағамына (сәйкесінше, таза экспорт көлеміне де) төлем балансы тұрақтанғанша дейін өзгеруіне мүмкіндік бере алады. Мұндай бағам кезінде ҰБ-тің валюталық резервтері мен ақша базасы шамалары өзгермейді. Яғни, елде еркін құбылмалы айырбас бағамы қолданылса, онда төлем балансының түзетілуі мемлекеттің араласуынсыз автоматты түрде қамтамасыз етіледі.

Құбылмалы валюта бағамы кезінде төлем балансының тапшылығын жою үшін ұлттық валютаның бағамы төмендеуі тиіс. ҰБ валюта нарығының қызметіне араласпай-ақ, айырбас бағамының еркін құбылуына мүмкіндік береді, соның салдарынан валютаның құнсыздануы таза экспорттың өсуін ынталандырады, және сәйкесінше, жиынтық сұраныс пен ұлттық табыс ұлғаяды. Табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырып пайыз мөлшерлемесін өсіреді.

Сонымен, мемлекеттің ашық экономикадағы макроэкономикалық саясатының тиімділігін арттырудағы мәселелерді шешу сол саясат құралдарының сәйкес үйлесімділіктерін қажет етеді.

Қандай да бір мемлекет валюта бағамының тәртібін таңдай отырып, бір уақытта ішкі макроэкономикалық реттеудің құралдарын да анықтап алуы тиіс. Және керісінше, ішкі макроэкономикалық саясаттың басымды мақсаттарын (экономикалық өсу, инфляциямен күрес, әлеуметтік көмек шараларын күшейту және т.б.) анықтай отырып, қолданыстағы кез-келген сыртқы макроэкономикалық саясаттың дәл осы мақсаттардың орындалуына кепілдік бере алмайтынын да ескерген жөн.

Құбылмалы валюта бағамы жағдайында валюта тапшылығы автоматты түрде жойылады. Ал тұрақты валюта бағамы жағдайында бұл проблеманы мемлекет шешуі керек. Тіркелген валюта бағамы кезінде ашық экономикаға деген ынталандырушы ақша-несие саясатының нәтижесі тиімсіз болып қалады, өйткені ақша массасының өзгеруі валюта нарығындағы қажетті интервенциялар арқылы тұрақтанып отырады. Сонымен қатар, құбылмалы валюта бағамы кезінде ынталандырушы бюджет-салық саясатының нәтижесі тиімсіз, себебі мемлекеттік шығындардың артуы салдарынан таза экспорт қысқарып ұлттық табыс өзгермейді.

Валюта тапшылығын жою төмендегідей әдістермен жасалу қажет:

– Резервтерді қолдану. Бұл ең жеңіл тәсіл. өйткені мемлекет иелігіндегі валюта қоры бағам ауытқулары байқалған кезде қолданылады. Бәрақ бұл әдістің кемшілігі егер теріс сальдо ұзақ уақыт байқалатын болса, онда бұл саясаттан бас тарту керек болады.

– Сауда саясаты. Бұл мемлекеттің бағамды бір қалыпта ұстау мақсатында импортты шектеп, экспортты ынталандыру саясаты. Импортты квота, қосымша кеден салығын салу арқылы шектейді. Алайда мұндай жасанды шектеулер экономиканың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

– Валюталық бақылау. Мемлекет шетке тауар шығарушыларға шетел валютасын тапсыруға міндеттейді. Жиналған валютаны шетелден тауар әкелушілерге бөліп береді. Сөйтіп импорт пен экспортты теңестіреді. Бұл әдістің кемшіліктері: сауданың бұзылуы, алалаушылық, таңдаудың шектелуі, кара базар.

– Ішкі макроэкономикалық реттеулер. Салық және ақша саясаттарының жүргізу арқылы шетел валютасына сұранысты шектейді [4].

Макроэкономикалық тұрақтылық үйлестірілген ақша-несие пен салық-бюджеттік саясат және инфляция деңгейін жоспарланған 6-8% дәлізінде ұстау есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы ақша-несие саясатының негізгі мақсаты бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни қалыптасып жатқан макроэкономикалық алғышарттарға барабар жылдық инфляцияның төмен деңгейін ұстап тұру болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу елдегі экономикалық өсу үшін қажетті жағдайларды жасауға, инвестициялық нарықты дамытуға, банк секторының несиелік белсенділігін ынталандыруға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банктің міндеттеріне қаржы жүйесінің, ұлттық валютаның айырбастау бағамының тұрақтылығын және елдің төлем балансының тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу кіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының ақша-несие саясатын жүргізген кезде экономикадағы ақша ұсынысын икемді реттеу жөніндегі шараларды қолданады. Ақша нарығында қысқамерзімді өтімділіктің тапшылығы туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтімділікті беру бойынша операциялардың көлемдерін ұлғайтатын болады. Ақша нарығында қысқамерзімді өтімділіктің артық саны жинақталған кезде ақша нарығында Ұлттық Банктің негізгі құралдарын пайдалану – қысқа мерзімді ноттарды шығару, екінші деңгейдегі банктердің депозиттерін тарту арқылы айықтыру операциялары жүргізілетін болады.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасын қоса алғанда, Ұлттық Банктің операциялары бойынша ставкаларды реттеу ақша нарығындағы ахуалға және инфляция деңгейіне байланысты жүргізіледі.

Осылайша, экономикадағы ақша ұсынысының көлемі экономиканың өсуіне сәйкес келетін деңгейде сақталады. Ұлттық Банк ақша-несие саясатын жүргізген кезде қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуі

және дамуын қамтамасыз ету мақсатында ондағы ахуалды зерделейтін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігі арасындағы теңгерімді ұстап тұруға бағытталатын болады. Бағамдық саясатты жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты түрде өзгеріп тұратын әлемдік конъюнктура жағдайларында отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етуі мүмкін ұлттық валюта нақты бағамының айтарлықтай ауытқуларына жол бермейді.

Сонымен бірге бағамдық саясат ішкі экономиканың дамуына негіз жасай отырып, әлемдік бағалардың өзгерістеріне, сыртқы сауда жағдайларына барабар әсер етеді. Жаңа технологияларды, жабдықты пайдалану, еңбек сапасын арттыру сияқты факторлармен қатар бұл саясатты қатаң ұстау мемлекетке үдемелі даму жолына шығуға мүмкіндік береді.

Экономикалық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамының икемділігін арттыру мақсатында өзінің валюта нарығына қатысуын одан әрі төмендетуге ұмтылатын болады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесінің де Қазақстан Республикасы ақша-несие саясатының негізгі міндеттеріне кіруіне орай, Ұлттық Банк осы бағытта барлық қажетті шараларды қолданатын болады. Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк осы нарықтың бүкіл сегменттеріне мониторинг және ағымдағы жай-күйін бағалауды жүргізетін болады. Қандай да болмасын шараларды қолдану жедел жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін қолдау үшін қайта қаржыландыру заемдарын беретін болады. Бұл операциялардың мерзімдері 1 жылдан аспайды.

Тұтастай алғанда, ақша-несие және валюталық саясаттың қандай да болмасын шараларын қолдану Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істеуі шеңберінде орын алып жатқан интеграциялық үдерістерді ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

2013-2017 жылдары Қазақстанның экономикасы жинақталған жүйелік тәуекелдердің өсуі және әлемдік экономикада рецессия үрдістерінің қайталану мүмкіндігі бар шарттарда дамиды. Алдыңғы 2007-2008 жылдардағы дағдарыс ұлттық табыстарды секторлар арасында біркелкі емес бөлуге негізделген отандық экономиканың дамуында бар теңгерімсіздіктерді көрсетті. Қаржы секторын тұрақтандыру бойынша жүйелі шараларды қабылдау дағдарысқа дейінгі экономиканың

құрылымдық үйлесімдерін қалпына келтіруге және несие иінінің өсуін шектеу арқылы оның теңгерімділігін жақсартуға мүмкіндік берді.

Тұтырудың қысқаруымен ілесетін әлемдік экономикадағы дағдарыс құбылыстарының қайталану мүмкіндігі қазақстандық тауарларға сыртқы сұраныстың қысқаруы салдарынан әлеуетті серпіндерден төмен болатын отандық экономиканың өсуінің бәсеңдеуіне әкеліп соқтырады. 2013-2017 жылдары экономиканың өсуі негізінен жеке меншік және мемлекеттік қаржы есебінен индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларға өсіп жатқан инвестицияларға бағдарланумен бірге ішкі сұранысқа сүйенеді.

Қорыта айтқанда 2013-2017 жылдары экономиканың өсуі шамамен анағұрлым теңгерімделген және несиелік белсенділікпен қуатталған, сұраныс тарапынан шокты жерлерді болдырмайтын салалардың өндірістегі өсу қарқынының ішкі келісушілігіне бағыттталатын болады деп күтілуде.

2013-2017 жылдары экономиканың өсуі 6,0-дан 7,6%-ға дейін болады деп бағалануда. 2013-2017 жылдары ЖІӨ өсуінің негізгі көзі 2013-2014 жылдары орташа 6,5% қарқынмен, одан кейінгі жылдары – 6,8%-бен өсетін, өсіп келе жатқан ішкі сұраныс болады.

Қолдану бойынша ЖІӨ құрылымы болжанатын кезеңде елеулі өзгерістерге ұшырамайды. Ішкі сұраныстың өсуі, бірінші кезекте 2013-2017 жылдары шамамен орташа 6,5% құрайтын үй шаруашылықтары тұтынуының тұрақты өсуімен анықталады. Белгіленген кезеңде үй шаруашылығы тұтынуының ЖІӨ өсіміне үлесі орташа 47% деңгейінде болады.



Ірі индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды және индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобаларды іске асыруға бағытталатын инвестицияның едәуір көлемдері ішкі сұраныс серпініне инвестициялардың үлесін арттыруға мүмкіндік береді. 2013-2017 жылдары жалпы жинақтың орташа жылдық өсу қарқыны 7,4% шегінде болады деп күтілуде, бұл ретте инвестициялардың басым бағыттары экономиканың шикізат емес секторлары болады.


Өткен жылдармен салыстырғанда экспорттың ұлғаю қарқыны 2013-2014 жылдары азаяды және тиісінше 5,8% және 6,1% деңгейінде болады деп болжануда. 2013-2014 жылдары өсім қарқынының бәсеңдеуі шамамен тауарлық экспорттың 2/3 құрайтын сыртқы нарықтағы мұнай мен металдарға сұраныстың азаюымен байланысты болады. ЕО, Қытай және Таяу Шығыс елдерінде сұраныстың төмендеуі бүкіләлемдік өсудің бәсеңдеу үрдісімен және жекелеген елдерге тән тәуекелдермен түсіндіріледі. Қашаған кен орнын игерудің басталуы және индустрияландыру бағдарламасы бойынша құрылып жатқан өндірістің шикізат емес тауарлық экспортты көбейтуінің нәтижесінде 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін экспорт өсімінің қарқыны орташа 7,2%-ға дейін өседі және таза экспорттың ЖІӨ-ге оң үлесі артады деп күтілуде.

2-кесте. Экспорттың ұлғаю қарқыны

| | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. |
|---|---------|---------|---------|---------|---------|
| ЖІӨ | 6,0 | 6,1 | 7,6 | 6,6 | 6,9 |
| Ішкі сұраныс | 6,5 | 6,5 | 7,5 | 6,4 | 6,6 |
| Импорт | 7,4 | 7,2 | 7,8 | 6,3 | 6,0 |
| Ішкі өндіріс | 6,5 | 6,5 | 7,5 | 6,4 | 6,6 |
| Сыртқы сұраныс (экспорт) | 5,8 | 6,1 | 7,9 | 6,7 | 7,0 |
| | | | | | |
| Ішкі сұраныс өсімінің (төмендеуінің) орнын толтыру көздерінің құрылымы*, %: | 100,0 | 100,0 | 100,0 | 100,0 | 100,0 |
| Импорт, % | 32,9 | 32,4 | 33,0 | 31,0 | 31,5 |
| Ішкі өндіріс, % | 67,1 | 67,6 | 67,0 | 69,0 | 68,5 |
| * тиісті кезеңдегі бағалармен | | | | | |

Болжанатын кезеңдегі импорт көлемі нақты көріністе орташа 6,9% қарқынмен өседі. Импорттың айтарлықтай едәуір қарқынмен өсуі экономиканы үдемелі жаңғырту бойынша мемлекеттік бағдарлама шеңберінде инвестициялық тауарлар мен аралық тұтыну тауарларына айтарлықтай жоғары сұраныс болады деп болжануына негізделеді. Бұдан басқа, 2013-2017 жылдары серпінді дамитын ішкі сұранысты қанағаттандыру тұтыну өнімдері импортының айтарлықтай жақсы өсуімен түйіндес.

Ішкі сұранысты жабу



